

ҚЫТАЙ ҚАЗАҚ ТАРИХИ РОМАНДАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАР

Қытай Қазақ роман жасампаздығы оның ішінде тарихи романшылық негізінен Қытайдары жаңа дәуір яғни 1980-жылдар кезеңінен басталады деуге болады. Әсіресе, қазірге дейінгі қысқа ғана уақыт ішіндегі жазылған тоқсаннан астам романның басым көбі де осы тарихи романдар. Бұл тұстағы жазушылардың тарихи романшылық шығармашылық өрлеуінің көтерілуінің де өзіндік

себептері бар. Біріншіден, Қазақ халқының рухани өмірінде, халықтық фольклорында тарихи деректермен байланысты айтылатын мазмұндар аса көп. Тарихи шежірелер, ру-тайпа шежірелері, тарихи дастандар, тарихи аңыздар, тарихи қысқа жырлар... т.б. бұл сөзіміге дәлел. Демек, ертеректе және қазіргі заманда аты аңызға айналған батырлар, оқиғалар, тарихи тұлғалар туралы өз зама-

нынан бастап-ак, ең алдымен сол тұстағы халықтың сүйініп өңгіме етіп, үрпакқа өнеге қалдыра бастауының өзі халқымыздың тарихи мұраларға деген үлкен құрметтін, қажеттілігін көрсетеді. Ендеше, осындай мол да терен ұлттық, рухани орта – жазушыларымыздың тарихи романшылыққа бейімділік танытуының негізі деуге болады.

Екіншіден, Қазақ көркем әдебиетінің дамуының талабы осы беталысты жарыққа шығарды.

«Қазақтың көркем прозасы, негізінен, кеңес дәуірінде дамып, қалыптасты» [1]. Демек, кезіндегі кеңестік Қазақстан жазушыларының 20-ғасырдың алғашқы шерігінен басталған прозалық енбектерінің еліміз қазактарына тараға бастауы, Қытайдағы «барлық ғұл шешек атып, жалпы жарыса үн кату» бағдарламасының жаңа дәуір кезеңінде шынайы іске асуы сияқты шарттар көркем прозамыздың, оның ішінде, тарихи роман жасампаздығының гүлденуіне толық негіз өзірлеп берді.

Үшіншіден, осы тұстағы тарихи білімі терен әрі оған әуес жазушылардың өз қалам қарымдарының жағдайына қарай туынды жаратуға құлшынуы тарихи романдарды тудыруының ішкі қозғауышы күші болды деуге болады, себебі сол, бұл жазушылар өз кезеңінде-ак ұлтының қаймағы бұзылмаған күйінде сакталған фольклорлық қазынасынан, тарихи көшірмесінен, тұрмыс-салт, әдет-ғұрпынан терен нәр алған, халқының сахаралық болмысын терен менгере білгенімен байланысты болып отыр. «Расында қандай адам болсын, қаншалық жер түбін аралап, жаһан кезіп қайтса да, өзінің өскен ұсынан жаксы тәрбие алмаса, ол тарих, өмір майданында жаксы адам болып көріне алмайды», – дейді Е. Ысмайлов.

Төртінші, жазушылардың ірі тарихи тұлғалар мен тарихи оқиғаларды халыққа қайталай таныту, өз мезгілінде жинап алынған мол тарихи құнды деректерді суреткерлік шеберлігіне сүйеніп, көркем прозаға айналдырып, оқырманның көркемдік талабының қажеттінен шығу мақсатынан да болса керек. Шынында да, дәл казіргі әдеби ауқымға қарағанда, тарихи көркем романдардың мол жазылуы бұл дәуір оқырмандарының да, келешек оқырмандардың да шынайы қажеті еді. Бұлай дейтініміз, өлемдік ғаламдану ауқымының беталысы, интернет, электрондық қызмет ауқымы, казіргі адамдардың жұмыс, тірлік қарбаластығы қатарлы басқа да толып жатқан себептер, осы мезгілдің оқырмандарының том-том романдарды оку, тарихи дүниелер туралы ойлану, оны оқып

ләzzаттану, есқі деректерді зерттеп үйренуге де-ген қызығушылығын бәсендедті. Осы себептен де жас жазушыларымыз откен тарихқа көз жүгіртіп, тарихи деректерді көп жинай алғып, сол негізде қанша талпынып көрсе де, алдыңғы аға буын жазушылардай көркем де бай халықтық тілмен, сол бір тарихи ауқымы кең, табиғи қалпында бейнелей алған тарихи роман жазуға қарымы жете бермейді. «Романшылдық – ең кесек енбектін бірі, десе де бұған жастар жағының әлі келе коймауы әрі өкінішті, әрі колдау аздығын білдіреді» [2] деген С. Жанболатов толғанысының бір себебін осы жақтан да іздеген жөн. Ендеше әдеби мұра ретінде де, тарихи мұра ретінде де жана дәуір кезеңінде жарық көрген көркем тарихи романдардың келешек үрпак үшін өзіндік маңызы зор деп білеміз. Еліміз қазақ жазушыларының таудай табыстарының бір саласы болған тарихи романдардың бір бөлімдерін атап өтіп, ішнараларындағы жалпы мазмұндық ауқымы, кейіпкер образдарының сомдалуы туралы зерттеп көрсек те тарихи роман жасампаздығының маңызын танып жетуге болады.

1979–1980 жж. жарияланған Жақып Мырзаханұлының «Арман асуында», Жұмабай Біләлұлының «Жондағы жорықтар», Оразхан Ахметұлының «Өзгерген өнір», сияқты алғашқы топтағы романдарынан кейін жарық көрген тарихи романдардан Батырқан Құсбекиннің «Жанкешулер» (2006), Шәміс Құмарұлының «Беке батыр» (1987), «Ер Жәнібек» (1998), «Көз жасы сарқылмайды» (1989), «Тұғырыл хан» (2008), Шайсұлтан Қызырұлының «Бұлан дүние» (1990), «Дабыл» (1993), «Қайқая шапқан қарагер» (1998), Сұлтан Жанболатовтың «Елжау күнби» (1994), «Саншора күнби» (1998), «Оңғай күнби», Мағаз Ражданұлының «Алтайдың ақынтары» (1998), Серік Қауымбайұлының «Жеке би» (1998), Жұмабай Біләлұлының «Дала торғайлары» (1992), Күнгей Мұқажанұлының «Өр Алтай» (1995), Фалым Қанапияұлының «Керталғар» (2000), Мұхтархан Самажанұлының «Бейсенбі би» (1995), Асылқан Бәгенұлының «Қасен генерал» (1992), Ахметолла Қалиұлының «Арда Алтай», Шаймұрат Қамзаұлының «Орданың соңғы көші», Тұрсынхан Зәконұлының «Көкбөрілердің көз жасы» (2005), Мәкен Баймолаұлының «Тарбағатай арпалыстары» (2000), Зейнолла Сәнікұлының «Баспай» (1996), Қабдеш Жанәбілұлының «Дариға» (2005), Құрманәлі Жұнісқанұлының «Әкбар батыр», Айтқали Төлегенұлының «Керсамал»

(2008), Сағатқан Танқайұлының «Қасым батыр» (1999) «Сары жұлдыз» (2002), Әбдірешт Байболатовтың «Тау қырандары» (1989), Әскер Тойғанбекұлының «Арманда кеткен арыстар» (2002), Баяқымет Жұмабайұлының «Ақыт ата» (2005) т.б тап өтуге болады. Міне бұл Қытайдағы Қазақ әдебиеті жөнінен алғанда аз табыс емес. Бұлардың әр біріне жекелей талдау жүргізсе, әлде қайда көлемді көптеген зерттеу еңбектерінің жүгі болып жетер еді. Бұл жерде аты аталмаған, тарихи деректерді де белгілі дәрежеде қамти алған, реалдық тұрғысы басым басқа да көптеген көркемдік құны жоғары романдар бар болса да, көтерген такырыбымызға сай оларға тоқталуға мүмкіндігіміз жок.

Уш бөлімнен тұратын Жұмабай Біләлұлының «Дала торғайлары» романы өзіндік бейнелеу жолы, символдық суреттеулер және көркем құрылым жағынан басқа тарихи романдардан өзгешеленіп тұратын роман. Автор мұнда белгілі бір тарихи кейіпкерді тұлғаландырып көрсетуден гөрі, тарихи оқиғаны терен толғаныспен бейнелайді. Демек, кейіпкер көшірмесін, мінездемесін, ішкі бұлқынысын реті келгенде, көп жағдайда автордың өзінен беріле байымдауы, баян етуі міне соған байланысты деуге болады. Автор әр қыырдан жем іздел тірлік көретін әлсіз, момындығынан өзінен зор құштің қашанда шенгелінде жүретін дала торғайларының тірлік тынысы мен күн көріс үшін тау жағалап, тас сағалап жүрген сахара халқының бір-бірімен ұқастығын символдық тұспалдаумен әдемі сәйкестіреді. Әр тарау басында автор дала торғайларының тіршілік барысы мен Қытай еліндегі азаттық алдындағы торғайдай тозған халық тағдырын табысты ұштастырады. Бақтияр секілді білгір, шешен, аш-жалаңашқа қамқор болған, зорлық-зомбылық көрген елге қорған болған, ел үшін жарқұлағы жастыққа тимей шапқылаған ел азamatтарының образын да сәтті жасаған. Автордың «торғайлар, бүкіл ұсак құс атаулы өңкей ұсак періштерлер, дүниенің жер-жерінде мұхиттар ортасындағы арал атаулының бәрінде дәл осылай күн кешіреді, азады, тозады. Сонда да сайрандайды, тұкымы құрымайды» деуінен қаншалық қын замандарда да халық жөні халық рухы жасай береді, әрі ол бүкіл жер жүзіндегі халық үшін де солай бола бермек» деген үлкен логикалы ой желісін байқауға болады.

Шайсұлтан Қызырұлының «Дабыл» романы «Тарғаланда», «Айқаста», «Бітімде» секілді үш бөлімнен тұрады, романда «үш аймақ төңкерісінің»

алдындағы яғни өр Алтайдағы төңкеріс үшкіны белен берген мезгілдің суреті айқын көрініс тауып, тамыры теренен басталған азаттық құресінің «дабылын» – халықтық қарулы шайқастың үлкен дайындығы іспетті етіп ишарап алғасе алған.

Халықтық сипаты күшті болған Есімхан, Ырысқан бастаған көтерілістің белгілі барыстары, маңызды тарихи оқиғалар автордың көркемдік өреге көтеруімен әдеби сипаты күшейсе, тарихи ерекшелігінің, деректік сипатының артықшылығымен бағалы құжаттай, көркем шежіредей болып көрінеді. Жазушы бас кейіпкерлерді үлкен, түйінді қайшылық, маңызды күрестердің ортасына орналастырып, харектерін сомдаған болса, олардың айналасындағы қоғамдық ортанды, түрлі типтегі кейіпкерлердің де рөлі мен қызметін үлкен шеберлікпен кірістіреді. Романда Есімхан, Ырысхандар ұлттық езгіге, тәуелсіздік үшін қарсы қеуде керіп алға үмтүлған, зұлымдықпен батыл күрескен, халыққа бас болған батырлар ретінде тұлғаланса, Ноғайбай аскан дана, халықтық береке-бірліктің үйтқысы, шешен тілдің шебері, қысылтан жерде тауып айтатын дуалы ауыз ауыл қарты ретінде, Сұлубай батыр, балуанғана емес, әнші, жыраулығымен халықтың бетке ұстар азаматы болып оқырман жүрегі-нен орын тебеді. Ал орайын тауып, қасқунемдікке қарсы шыққан, опасыздар мен сатқындарға жай оғындей түсken халық қаһарының айбыны да әдемі қисындастан. Бұған Бигелдінің өлімге үкім етілуі сияқты оқиғалар мысал болса, өз басынан басқаны ойламайтын өзімшіл, озбыр, мансаптылардың шашбауын көтеріп, жаудың сойылын соғатын жағымпаз, намыссыз Шылғаубай, Бұр-шакбай, Іргебай секілдердің де бетпеределерін ашады. Жалпы «Дабыл» романы тарихтық құндылығы мен көркемдік жетістігі жағынан өз биігінен көрінген туынды.

Шеміс Құмарұлының «Беке батыр» романы XIX ғасырың соны мен XX ғасырлардың басында туылған оқиғалар негізінде тарихи кейіпкер Бекенің көшірмесін өзек ете отырып жазылған көркем тарихи роман. Шінжан Қазақ тарихи романдарының алғашқыларының катарында болуымен бірге табысты жазылған туынды деуге болады. Көбінде жазба тарихтың тапшылығы себепті, халқымыздың көптеген мұралары төркіні белгісіз аңыз-ертеғілерге айналып кеткендігі шындық. Тіпті жұз жылдың алды-артындағы тарихи деректердің өзіне теренде бойлап бара алмай жатамыз. Ендеше халық арасында болған

тариhi тұлғалардың аныз бейнесінің астарына толық үңіліп, оны зерттеп барып, реалдықта бейімдеп, көркем образ дәрежесіне дейін биіктете алу үлкен енбек. Бөke міне сол дәрежеге жеткен тариhi кейіпкер. Оның батыр аталуына халқының ортасындағы қадірі негіз болған. Бекенің шу асауды шаужайлауынан тартып жолбарыс соғуы, кодастың бұқасымен алысу сияқты ержүректігінің өзі оның ұлы істерді де істей алатын, ұлы көшті де бастай алатын тұлғасына лайык. Автор жоқтан бар етіп батыр тұлғасын сомдап отырған жок. Көш бастаған ерлігі, дауды шешер билігі, шешендігі, даналығы сияқты сан қырларын ки-сынды да тартымды етіп суреттеп, оқырман көnlінен ойып орын алады. Жинақтап келгенде автор бұл романын жазуда, өзінің «Әдебиет және шындық» деген мақаласында айтқаныңдай, «белгілі бір шығарма оқырманың қатты куандырмаса немесе оқырманның бойындағы қанды кектен-діріп тасытпаса, қалайда оның рухани дүниесіне өсер ете алмаса, сол шығарманың шындықтан алыс жатқандығы» [3], – дегеніне жеткен. Автордың «Ер Жәнібек», «Көз жасы сарқылмайды» сияқты тариhi романдарынан да осындай жағымды стильдер кездеседі.

Қытай Қазақ жазушыларының тариhi роман-дарының біrsыптырасына «ұш аймак төңкерісі» арқау болып келеді. Десе де әр жазушы тариhi шындықты бейнелеуі, тариhi кейіпкерлерді сомдауы жағынан, тариhi деректі баян ету мен оны әдеби көркемдікпен көмкеру жағынан ерекше-леніп жатады.

Батырқан Құсбегиннің «Жан» романы міне сондай тариhi кезеңді арқау еткен тариhi роман. Жазушы бүкіл шығарманың мазмұндық сюжеттік құрылымына біr рет ғана көрініс беріп өтетін жа-нама кейіпкерлермен қоса есептегендеге ұш жүздің ұстінде кейіпкер образын енгізе алған. Демек көлемді, ұласпалы тариhi роман үшін бұл да әрине керек. Түрлі қайшылықтар мен қоғамдық тартыстардың ішінде ұлы арман арқалап, құрес бағдарынан адаспай, өздерінде барын халыққа арнаған Батыл, Мұрат, Қадырақұн сияқты толып жатқан кейіпкерлерді сәтті жасаған. Демек бұлар сол заман тудырған тариhi тұлғалар болса, романда манызды деталь ретінде дәл орнын тапқан. Романды оқи отырып, сол біr тариhi кейіпкерлермен «қоян қолтық араласа» кеткенімізде, онда харектері, ішкі жан дүниесі, тілі мен ділі, діні мен ұлты ұқсай бермейтін адамдардың болмысын, түрлі тартыстар кезеңіндегі моральдық, кісілік

ауқымын, қасиеттерін сезінеміз, кейбірінен өнеге етіп үйренгіміз келсе, кейбірінің пасыктығына жиіркенішпен қараймыз. Әрқайсы әртүрлі бейнесімен: Батыл – халық қалаған құрескер де, ізгі қалпымен, Мұрат, Мұнира, Бахар, Назарбек-тер – сол жолды ұстанған мұрагер ретінде, Қара-бай, Қошқарбай, Маржанбикелер – халықтық мәдениеттің туын көтеруші ретінде, Ошан, Қади-ша, Жаннаттар көнелікке қарсы болып, жана-лыққа ұмтылған жаңашыл топ ретінде санамызда сақталады. Әрине оқырманың осылай елітіп әкетуі де автордың кейіпкер харектерін сомдау шеберлігі екеніне бос шүлғып разылық танытасыз. Сонымен бірге неше ондаған сол көрнекті кейіпкерлердің ішінде өзгеше қырымен көрінетін, автордың өзі де ықылас қойып суреттеген, оқырманың да ойландыратын Сарноғай образы өзгеше. Ол аса зұлым, қараниет болуымен бірге қайсар жан, азғындық жолға өте бейім болуымен бірге адал, залымдыққа журіп тұрғанымен анқаулығы тағы бар. Бірақ қашанда жамандықтың жолы болмайтының дәлелі сол Сарноғайдың ақыры құрдымға кетуінен-ақ көрінеді. Қортындылап айтқанда, автордың «Жан» романы кейіпкер харектерлерін табысты сомдау ар-қылы өз биігіне жеткен туынды. Роман «өзіне тәn кең тыныстылығымен әрі сол кең тыныстылықты тудыруға түбірінен себепкер болып отырған «ұш аймак төңкерісі» сынды тариhi маңызды зор, кең жойқын халықтық қозғалыстың дем-тынысы шарпыған жер аумақтың қулашын кең жая көсіліп жатуымен басқа да сол сияқты осы та-қырыпта жазылған шығармалардан даралана түседі» деуге болады [4].

Сұлтан Жанболатовтың «Елжай күнби», «Сан-шора құнби», «Оңғай Құнби» атты романдары ежелгі елдің тарихынан ғылыми фантастикалық қиялдың қуатымен қисынды сыр шерткен желілес енбектер. Автордың «Елжай күнби» романы байырғы заманда есімі елге әйгілі болған, жазбаға түскен жекелерді, тайпаларды, олардың жал-пы тіршілігін, сол кезде туылған маңызды оқиғалардың барысын тарихшылар қалдырған дерек бойынша және археологиялық тексерулердің нәтижесін пайдалана отырып суреттейді. Бұл жерде, там-тұмдап ғана жеткен ұсақ деректердің сонау арғы дәуірдегі сұлбасын айқын тануына жа-зушының ғылыми қиялдай алуы қанат болған. Сол біr дәуір болмысын көзбен көргендей бей-нелеу үшін, мадазаттар дүниесінен жер шарына келген қонақтар жағынан байымдау жасатады.

Эрине мұнда нақты тарихи детальдардың бүрмаланбау шартын пайдалана отырып, образды бейнелеп жеткізеді. Демек тарихи бас кейіпкердің түп нұсқасын айқын табу үшін, ежелгі жазбаға түскен аңыздың тереніне бойлап, байырғы қалпын тауып, қисынды суреттейді. Атап айтсак жазушы романда ыңғайына қарай романтикалық тәсілдер мен ғылыми фантастикадан пайдаланып жаугершілік заманда, Елжауды тұз тағысы көк бөрі емізіп, құстар ет тасып беріп асыраған соң, киелі бала болып танылған аңызды Бәжей карттың аузынан: «әлгі ак ыйқ пен көкбөріні тәнір жоқтан бар қып тыннан жіберген жоқ еді. Ак ыйқ әкеңнің тапсыруы бойынша мен ерекше баптап жүрген қыран болатын... анау көк құртқаны да әкеңнің міндеттеуіне сай мен баулып айрықша үйретіп жүрген дұбара иті еді. ... екеуін арнайы үйретіп алуан әмірге бағынатын, түрлі ишаратты бұлжытпай атқаратын етіп машықтандыруым қырғыннан кейінгі ауыр қыспаққа ес қатып-ақ кетті. Сен әлгі мұқым елге тарағандай дәрежедегі, тәніркүттар шошып сескенгендей, құллі үйсін пір тұтып тәу еткендей құдіреті шексіз, киелі де хикмет емессің» («Елжау құнби», 1-кітап, 366-367-бб.) деп шындық әмірге жанастыра береді.

«Елжау құнби, Хан уди, Бәжей(бәжен), Мәде (батыр)тәніркүт, Дару(далу), Жұнші би, Шижун ханыша қатарлы тарихи адамдардың образы өзіндік ерекшелігімен дараланған» [5]. Сол себепті де автордың тарихи кейіпкер характерін тұлғаландыруда, әрі неғұрлым тарихилыққа бейімдеуде пайдаланған фантастикалық қиялды мен ғылыми болжамы оқырманың шыныайы иландырады. Міне бұл шеберлік. «Елжау құнби» романының шын мәніндегі тарихи роман болып жарыққа шығуындағы басты себеп, автордың жан-жақтылық білімге яғни жаратылыстық ғылым мен қоғамдық ғылымды қатар игерген ғалым жазушы болуында, демек, жақсы романшы болу үшін жан-жақтылық білім болған жөн-ақ», – дейді Болантай Досжан роман жөнінде [6].

Ішнара тарихи романдарыныңда халықтық аңызды шындық деп танып, өз қалпында өндеусіз жазу, қисынсыз қиялға берілу, ескі халықтық тілді колдану ерекшелігіне көніл бөлмеу, тарихи шындықты белгілі жақтардан өз субъективі бойынша бүрмалау немесе асыра айту сынды кемшиліктер де кездеседі. «Роман сияқты кесек туынды

жасауға шығарма идеясы, жасампаздық әдісінен кейіпкер образы, шығарма композициясына дейінгі жан-жақтылы толықсан дайындықпен бармаса, шалағай қалам көтерген жеңілтектік қимыл көп жылдық еңбекті зая кетіреді» [7]. Тарихи роман жазуда бұл тіпті ескерер жайт.

Қортындылай келгенде, «тарихи тақырып – сөз өнеріндегі (көркем әдебиеттегі) тарихи оқиға мен жекелердің қоғам өміріндегі ерекше әлеуметтік мәні бар деп қаралған құбылыстарды суреттеуімен тұлғаланады» [8], – деп білсек, тарихи тақырыпты көтеру үшін де мол тарихи білім, археологиялық білім, ғылыми болжам кабілеті, киял байлығы т. б. әрине өте керек.

Жоғарыда жазушыларының бірсызыра тарихи романдарындағы кейіпкер характерін сомдау шеберлігі туралы талдау жасап, белгілі жақтардан табысымыз болғанын айтуды мақсат еттік.

«Ерлігі мен естілігі, ақылы мен ақындығы, сұлулығы мен сұңғылалығы арқылы өшпестей із қалдырған» [9]. Дариғадай аты аңызға айналған, өз тұсында елге ересен еңбегі сінген басқа да ірі тұлғалар өмірінен жазылған романдарға да арнаулы токталу керек еді. Алайда, мақала қолемін ескеріп, атап-ағаштың барлық роман туралы жалпылай зерттеуге бара алған жоқпыш. Бұл мақала Қытайдағы Қазақ жазушыларының роман жазу шығармашылығы жағында аса мол, табысты еңбектердің болғандығын көрсетеді, демек, зерттеуге тиісті дүниелеріміздің өлі де тым көп екендігін сыншыззерттеушілерімізге ишаралап кузашылық ете алса, бұл мақала өз мақсатына жетті деп білер едік.

ӘДЕБИЕТ

1. *Кирабаев С.* Кенес дәүіріндегі қазақ әдебиеті. Алматы: Білім, 2003. 19-б.
2. *Жанболатов С.* Толасыз тұған толғаныстар. Үрімжі: Шінжяң халық баспасы, 2008. 104-б.
3. *Құмарұлы Ш.* Әдебиет және шындық. Іле халық баспасы, 1999. 10-б.
4. Шінжяң университеті ғылыми журналы. 2009. № 1. 19-б.
5. *Досжан Б.* Елжау құнби және Сұлтан Жанболатов мақалалар топтамасы. 207-б.
6. *Қамажанов К.* Сұлтан Жанболатов «Елжау құнби». Үрімжі: Шінжяң халық баспасы, 2002. 200-б.
7. *Бажаев Ә.* Жасампаздық орбитасы. Шінжяң жастар-өрендер баспасы, 245-б.
8. *Әбеуұлы А.* Сын-сарап. Құйтұн: Іле халық баспасы, 293-б.
9. *Жанәбіл К.* Дарига. Үрімжі: Шінжяң халық баспасы, 2005. 462-б.